

"Экспортты және (немесе) импортты лицензиялауға жататын тауарлардың, лицензиарлардың және лицензия беруге келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 287 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 2 қарашадағы № 708 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Экспортты және (немесе) импортты лицензиялауға жататын тауарлардың, лицензиарлардың және лицензия беруге келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 287 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2015 ж., № 24-25, 148-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген экспортты және (немесе) импортты лицензиялауға жататын тауарлардың, лицензиарлардың және лицензия беруге келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сагынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 2 қарашадағы
№ 708 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 24 сәуірдегі
№ 287 қаулысымен
бекітілген

Экспортты және (немесе) импортты лицензиялауға жататын тауарлардың, лицензиарлардың және лицензия беруге келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың тізбесі

P/c №	Экспортты және (немесе) импортты лицензиялауға жататын тауарлар тізбесі	Лицензиар	Келісуші мемлекеттік орган
-------	---	-----------	----------------------------

1	2	3	4

1.	Озонды бұзатын заттардың және құрамында озонды бұзатын заттар бар өнімдердің экспорты мен импорты	ЭМ	-
2.	Өсімдіктерді (пестицидтерді) қорғау құралдарының импорты	АШМ	-
3.	Қауіпті калдықтардың экспорты мен импорты	ЭМ	-
4.	Минералогия, палеонтология, қазба жануарлардың сүйектері бойынша коллекциялық материалдардың экспорты	БФМ	-
5.	Жабайы тірі жануарлардың, жекелеген жабайы өссетін өсімдіктердің және жабайы өссетін дәрілік шикізаттың экспорты	АШМ	-
6.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандығы № 1034 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жабайы тірі жануарлар мен жабайы өссетін өсімдіктер түрлерінің экспорты	АШМ	-
7.	Бағалы металдардың және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының экспорты	ИДМ	-
8.	Минералды шикізаттың экспорты	ИДМ	-
9.	Есірткінің, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының экспорты мен импорты	ПМ	-
10.	Есірткі және психотроптық заттардың прекурсорлары болып табылмайтын улы заттардың импорты	ИДМ	-
11.	Азаматтық мақсаттағы, оның ішінде орнатылған не басқа тауарлардың құрамына кіретін радиоэлектронды құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың импорты	АКМ	-
12.	Ақпаратты жария етпей алуға арналған арнайы техникалық құралдардың экспорты мен импорты	ИДМ	ҰҚҚ
13.	Шифрлау (криптографиялық) құралдарының экспорты мен импорты	ИДМ	ҰҚҚ
14.	Мәдени құндылықтардың, ұлттық архив қорлары құжаттарының, архив құжаттары түпнұсқаларының экспорты	МСМ	-
15.	Адам ағзалары мен тіндерінің, қаны мен оның компоненттерінің экспорты мен импорты	ДСМ	-
16.	Отын-энергетикалық және минералды шикізат аудандары мен кен орындары бойынша жер қойнауы туралы ақпараттың экспорты	ИДМ	-
17.	Еттің жекелеген түрлерінің импорты	ҰЭМ	
18.	Дәмдік-хөш иісті немесе бояғыш қоспалары жоқ шикі құрақ қантының импорты	ҰЭМ	АШМ

Ескертпе:

Экспорты және (немесе) импорты лицензиялауға жататын тауарлардың тізбесіне қосылған тауарлардың атаулары мен кодтары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер туралы" 2012 жылғы 16 тамыздағы № 134, "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 және "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей аумағына 2016 жылы ауыл шаруашылығы тауарларының жекелеген түрлерін әкелуге арналған

тарифтік квоталарды, сондай-ақ осы тауарларды Еуразиялық одаққа мүше мемлекеттер аумағына әкелуге арналған тарифтік квоталар көлемдерін белгілеу туралы" 2015 жылғы 18 тамыздағы № 99 шешімдерімен белгіленеді.

Аббревиатураудардың толық жазылуы:

- | | |
|-----|--|
| АКМ | – Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі |
| АШМ | – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| БФМ | – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| ДСМ | – Қазақстан Республикасының Денсаулық сактау министрлігі |
| ИДМ | – Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі |
| ІІМ | – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| МСМ | – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі |
| ҰҚҚ | – Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті |
| ҰЭМ | – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі |
| ЭМ | – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК